


Ер Мәліктің есімі

институтқа берілсе, елдіктің белгісі болар еді

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Кейінде Парламенті Сенатының депутаты болып жүрген кезімде 2012 жылдан 2015 жылға дейін дақты жерлесіміз Мәлік Габдуллин мұрашарып кезінен насихаттау, кейінгі ұрпаққа үлгі ету төңірегінде бірнеше депутаттық сауал жолдадым, – дейді Парламент Сенатының V-VI шақырылымындағы депутаты, жазушы-драматург Жабан Ерғалиев, – бұл орында біршама ойлар жүзеге асырылды. Мәселен, Мәлік Габдуллиннің он томдық таңдамалы шығармалары жарық көрді. Көкшетау қаласының орталығында, көрнекі жерде Мәкенің ескерткіші бой көтеріп, қала жұртшылығы мен қонақтарының ерлікке тартым етегі орнына айналды. Елдігі бір мәселе – облыс орталығындағы техникалық институтқа бірегей тұтаңның есімін беру. Егер ойымыз оның орнына, жас ұрпаққа әскери-патриоттық тәрбие беретін, жастардың бойына отансүйгіштік сезім дарытатын, олардың бойындағы елге, жерге деген махаббат оянып-дәлелетіп шығады да мамұнды іс болар еді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жүзеге асыру аясында Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің Көкшетау техникалық институты мен облыстық мәдениет басқармасы, Мәлік Габдуллин мұражайы ұжымы бірлесіп өткізген «Галым Мәлік Габдуллин және жаңа қазақстандық патриотизм» атты бірінші республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияда осындай ұсыныс айтылған болатын.

Бірінші республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының пленарлық және секциялық жұмыстарды қорытындылай келе, қарар қабылданған. Үкімет жанындағы ономәстика комиссиясына ұсынылатын тәртіп тұлғалар тізіміне Кеңес Одағының



Батыры Мәлік Габдуллиннің есімін кіргізу мен өтгерістер енгізуге ұсыныс беріліп, Кеңес Одағының Батыры Мәлік Габдуллиннің ұлықтау мақаласында Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің Көкшетау техникалық институты Мәлік Габдуллиннің есімін беру туралы Ішкі істер министрлігіне қолдау хат жолданған. Одан кейін де тиісті орындарға өтінішті арқаулаған қағазға өтініш хаттар тоғыстырылған.

Міне, осыдан бері үш жыл уақыт өтті. Мәселе әлі шешімін таппаған емес. Дегенмен батыр есімін ұлықтау шаралары атап-аппа институтта жүргізілуде және кең көлемді тыңшылық қолға алынуда. Ер Мәліктің есімі әр құрамының жүзеге асырылуына қажетті шарттар қалыптастырылған.

– Техникалық институтта батыр бабамыз туралы көркем әдебиеттер мен ғылыми туындыларды оқыту арқылы болашақ офицерлердің көкірегін рухани байлықпен көркемдеу, олардың бойларына ерлік пен ерліктің, батырлықтың бастау көзі саналатын балауса сезімдерді сіңірудеміз, – дейді институт бастығының пәлімы жұмыс бойынша орынбасары, полковник Кеңдебай Рахымбеков, – батырдың туған күні ескертіліміне тұлғаның қойымыз, мұражайына барып ерлік дәстүрлерімен

танысып, пәлімындағы ұшын-төзіл еңбегінің тәлімін ұғамыз. Институттың өңінде Ер Мәліктің ерлік үлгі шығу үшін «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Жас офицерге кеңес» жобамыз әзірленген. Кеңес Одағының Батыры Мәлік Габдуллиннің «Сұрапыл жылдар» кітабындағы материалдар негізінде бұл күнде қанатты сөздерге айналған ой түйіндері жинақталып отыр. Мәселен, кеңес тарапынан «Шыңшық қандай қатап болса да, оған ашық қарау қажет», «Ұрыс басталмас бұрын қорқы – бұл мерзімінен бұрын жөнілу», «Әр адамның басына – жолдасын қайғыда қалдырмау» тәрізді болашақ офицерлерге темірқазықтай айнымас жол сілтейтін, астарында атап түйеге жүк болар парасат түйіні сомдалған сөздері жазылған.

Осылайша институтта Ер Мәліктің ерлігін кейінгі ұрпаққа насихаттау және сол арқылы бойларына ілгі қасиеттері дымту барысында ұлан-ғайыр жұмыс асырылуда. Институттың Кеңес Одағының Батыры Мәлік Габдуллин сарнағын «Батыр – тағдыр, пәлімы – гүлдер» атты ғылыми-танымдық семинар өткізіліпті. Атаптың ішараның қорытындысы бойынша институт оқытушылары мен курсанттары батыр жапы танық мақұлым ала келе, олардың оқу орындарына Ер Мәліктің есімін

беру туралы бірауыздан пікір білдірген.

Жас толқын ғана емес, ел ақсақалдары, ардагерлер де бұл мәселеге қос қолын көтеріп қолдап отыр.

– Облыстың 112 мың ардагер, оның ішіндегі 39 Есіміміз дүниежүзілік сыйлығын қатысушылары мен мүгедектері Кеңес Одағының Батыры, КСРО Педагогика ғылымдарының академигі Мәлік Габдуллиннің есімін техникалық институтқа беруге өтініш білдіреді деп айтуға толық болдым, – дейді облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Гусман Төлегұл.

Сөз соңын шырып айтықанда, батыр есімі еліміздегі ешбір жоғары оқу орнына берілмеген. Рас, көше, ауыл аттары бар. Олардың қымет барысындағы іс-әрекетімен үнемі қауіп-қатердің ішінде жүретін техникалық институт сарбалдары олардың оқу орнындағы Алаштың бірегей тұтаңының есімімен атаптының мақтаннан тұтып, ерлік мәтебінде орысқа, елдік тыңшы түсіне не?! Ұш жылға сомылған ұсыныстың сөзі Жеңістің 75 жылдығы қарсаңында соқса, барша ұлтжанды азаматтардың көкірегін қуаныш керіері сөзсіз. Бұл бір шын мәнідегі ақ түйені қарны жарыптан күн болар еді.

Асмадан облысы

Ер Мәліктің есімі

институтқа берілсе, елдіктің белгісі болар еді

Жеңістің 75 жылдығына орай Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің Көкшетау техникалық институтына Кеңес Одағының Батыры, академик-жазушы Мәлік Ғабдуллин есімі берілсе, әлімсақтан ерлікті мұрат тұтатын Алаш баласы үшін ажарылқан күн болар еді. Ұлттық құндылықты ұлықтаудағы себі зор бұл мәселе үш жылдан бері сағыздай созылып келе жатыр.

Байқал БАЙӘДІЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Кеңес Одағының Батыры, запастағы гвардия полковнигі, КСРО Ғылым академиясының академигі, филология ғылым-

дарының докторы, профессор Мәлік Ғабдуллиннің Ақмола облысындағы Зеренді ауданының Қойсалған ауылында дүниеге келгендігін көзіқарақты жалпақ жұрттың бәрі біледі. Батыр Екінші дүниежүзілік соғыс

кезіндегі қанқасап майданда ерен ерлігімен аты аңызға айналған панфиловшылар дивизиясының құрамында Мәскеу қаласын қорғауға қатысты. 1943 жылы 30 қаңтарда Мәлік Ғабдуллинге «Ленин» орденін және «Алтын Жұлдыз» медалін тапсырумен қатар, Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Асылында, жерлесіміз Мәлік Ғабдуллин екі жоғары атақ – Батыр әрі академик атағын алған жалғыз тұлға. Майдандағы ерлігі өз алдына, 1956 жылы КСРО Педагогика Ғылымдары академиясының толық мүшесі болып сайланды.

Мәлік Ғабдуллин – майдан даласындағы қаруластарының есімін мәңгі өлмес тарих бетінде қалдырған, жан алып, жан беріскен қиян-кескі соғыс оқиғаларының толық хронологиясын жазған, табиғат сыйлаған дарынның арқасында доктор, профессор, академик ғылыми дәрежелерінің асқаралы шыңына шыққан талант иесі. Гуманизм мен азаматтықтың әдемі үлгісі болып табылатын қазақ халқының танымал ұлы үш мәрте КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланған, педагогтердің тәлімгері атанған мемлекет қайраткері.

Бүгінгі заманда осындай тамаша тұлғаның майдандағы ерлігі мен бейбіт замандағы ғылымға қосқан сұрапыл еңбегін насихаттау кейінгі ұрпақ үшін парыз.



(Соңы 7-бетте)